

**Закирова Асель Сейдуллаевнаның**  
**8D017 бағыты бойынша – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді**  
**даярлау 8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы**  
**бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін**  
**«Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті**  
**аспектілері»**  
**тақырыбында дайындалған диссертациясына**

**АНДАТПА**

**Зерттеу тақырыбы:** «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері».

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік бағыттың маңызды тармағы ретінде қалыптасып жатқан лингвомәдениеттану ұлттық-мәдени ерекшеліктерді әлемнің тілдік бейнесі арқылы зерделеуге негізделген. Мәдени құндылықтарды тілдік тұлғаның когнитивтік санасымен ұштастыра талдау – тіл ғылымының басты мәселелерінің бірі. Әр халықтың мәдени-танымдық ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтары сол халықтың тілінде сақталған. Тілдің шынайы болмысы мәдениетпен, қоғаммен және халықтың тарихи мұрасымен тығыз байланыста болып, ұлттық рухани байлықты кейінгі ұрпаққа жеткізудің басты құралы ретінде қызмет етеді. Ұлттық құндылықтардың айқын бейнесі халықтың аңыз-әңгімелерінде көрініс табады, ал бұл рухани-мәдени құндылықтарды жеткізудің бастапқы және негізгі арнасы – халық ауыз әдебиеті мен халықтық тіл дәстүрі болып табылады.

Аңыз-әңгімелер біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны ретінде қарастырылып, этнопедагогиканың маңызды әдістемелік құралдарының бірі ретінде танылады. Аңыз-әңгімелерді әдебиеттану мен тіл білімі тұрғысынан зерттеу барысында оларды этнопедагогика, этномәдениет және ұлттық құндылықтармен тығыз сабақтастықта қарастыру қажеттілігі айқын байқалады. Аңыз-әңгімелер әртүрлі этностардың мәдениетінде қалыптасқан тәрбиелік ұстанымдар мен моральдық, діни, мифологиялық көзқарастарды көрнекі түрде бейнелеп, маңызды танымдық және ақпараттық дереккөз ретінде қызмет етеді. Осылайша халықтың рухани және мәдени болмысын айшықтайтын аңыз-әңгімелерді ғылыми тұрғыда зерттеу ұлттық кодты, мәдени ерекшеліктерді және құндылықтарды терең әрі жан-жақты түсінуге негіз болады. Аңыз-әңгімелерді оқыту арқылы ұлттың дүниетанымы, тарихи тәжірибесі мен рухани мұрасы нақты көрініс тауып, бұл өз кезегінде ұлттық сананың қалыптасуына және мәдениет пен құндылықтардың ұрпақ сабақтастығы арқылы берілуіне елеулі ықпал етеді.

Қазіргі тілтану ғылымының жаңа бағыттары тілдің болмысын, оның мәні мен мазмұнын тереңірек ұғынуға ықпал етеді. Тілдің таныммен, мәдениетпен және қоғаммен байланысы ұлттың дүниетанымын оның ерекше тілдік

құрылымдары арқылы жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Тілдің ұлттық ерекшеліктерін, рухани болмысын, мәдени кодтарын зерттеу лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика сияқты пәнаралық ғылыми салалар арқылы іске асырылады. Бұл теориялық бағыттар тілдің мәдениетпен және қоғаммен өзара ықпалдастығын сараптап, ұлттық құндылықтарды ұғынуға және оларды терең зерттеуге негізделген. Теориялық тұрғыда жинақталған ғылыми материалдар білім алушылардың түрлі этностардың ұлттық ерекшеліктерін, танымдық жүйесін, құндылықтық бағдарларын, тұрмыстық салт-дәстүрлерін және мәдени мұраларын жан-жақты әрі тереңірек ұғынуға септігін тигізеді. Атап айтқанда, қазақ халқының ұлттық-мәдени және рухани болмысы аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктер арқылы көрініс табады. Бұл лингвомәдени бірліктер тек нысандар мен құбылыстарды сипаттаумен шектелмей, сонымен қатар ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, мәдени кодтарының терең мәнін ашып көрсетеді. Сондықтан аңыз-әңгімелер мәтіндеріндегі лингвомәдени бірліктерді когнитивтік әрі лингвомәдени тұрғыда жүйелі түрде білім алушыларға жеткізудің және оларды оқыту үдерісіне енгізудің маңызы айрықша болып табылады.

Ұлттық-мәдени атаулардың терең семантикалық мәнін түсіну ұлттың тарихи тамырларын жаңғырту және мәдени құндылықтарды қайтадан қалыптастыру үшін аса маңызды. Қазіргі кезеңде басты мәселелердің бірі – жас ұрпақтың санасында дәстүрлі мұраларды, тарихи мәліметтер мен мәдени тәжірибені қайта жаңғырту үдерісінің күрделенуі. Оның негізгі себебі ұлттық-мәдени және рухани мазмұнға ие ұғымдардың тілдік қолданыстан біртіндеп шығып бара жатқандығында. Егер білім алушылар бұл ұғымдарға қажетті деңгейде қызығушылық танытпай, оларды күнделікті тілдік қарым-қатынаста қолданбаса, бұл ұғымдардың толыққанды игерілуі мен тілдік санада орнығуы мүмкін болмай қалады. Осыған орай қазіргі білім беру жүйесінде тіл үйрету үдерісі ұлттық құндылықтар мен мәдени ерекшеліктерді, сонымен бірге тілдік нормаларды жүйелі түрде оқытуға бағытталуы тиіс.

Қазіргі кезеңге дейін аңыз-әңгімелердің тілдік табиғатын мәтінтану және тілдік құрылымдар тұрғысынан кешенді зерттеу жеткіліксіз жүргізілді. Сондықтан аңыз-әңгімелердің тілдік ерекшеліктерін антропоэзектік бағыт аясында қарастыру және ұлттық мәдениетке негізделген лингвомәдени бірліктердің мән-мағынасын терең ашу – зерттеудің өзектілігін арттырады. Қазақ тілі пәнінің мазмұны білім алушылардың лексикалық әлеуетін кеңейтуге, танымдық көкжиегін арттыруға, тілдік бірліктердің семантикалық және мәдени ерекшеліктерін ажыратуға, сондай-ақ олардың сөйлеу мәдениеті мен тілдік қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен бірге тілді халықтың дүниетанымдық жүйесі, өмірлік философиясы және ұлттық құндылықтарымен сабақтастықта оқыту арқылы білім алушылардың когнитивтік және лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастыру көзделеді. Осы тұрғыда аңыз-әңгімелер тілін зерттеу студенттердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерді терең меңгеруі мен халықтың рухани құндылықтарын

толыққанды түсінуі үшін маңызды.

Қазақ аңыз-әңгімелерінің тілін лингвомәдени аспектіде зерттеу – ұлттың мәдени және рухани құндылықтарын болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды бағыттардың бірі. Мұндай зерттеулер тілдің тек коммуникативтік қызметін көрсетіп қана қоймай, ұлт мәдениетін тасымалдаушысы ретінде қызмет атқарады. Сондай ақ, білім алушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, оны терең әрі жан-жақты игеруіне септігін тигізеді. Аңыз-әңгімелер тілін когнитивтік бағытта оқыту арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттері мен ойлау жүйесі едәуір дамиды, өйткені аңыз-әңгімелер мәтіндерінде халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын тұрақты тіркестер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, көнерген лексикалық бірліктер, метафоралар, символдық бейнелер мен мифологиялық элементтер кеңінен қолданылады. Осындай тілдік бірліктер жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырып, олардың мәдениетаралық қарым-қатынаста еркін әрі саналы әрекет етуіне жағдай жасайды.

Аңыз-әңгімелерді зерттеу адамзаттың әртүрлі мәдени топтарының ұлттық ерекшеліктеріне терең бойлау мүмкіндігін ұсынады. Қазақ фольклорын зерттеген С.А.Қасқабасов, Н.Қ.Жүсіпов, А.Ш.Пангереев, А.С.Сейдімбек, К.Ісләмжанұлы, А.Б.Абдуллина ауыз әдебиетінің зерттелуі, қалыптасуы және жанрлық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырды.

Қазақ тіл білімінде фольклор тілі мәселелері Р.С.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, Е.Қ.Жұбанов, Ж.А.Жақыпов, Е.Н.Жанпейісов және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты.

Фольклор тілін антропоэзектік бағыттың дамуымен байланысты тілден тыс факторлармен кешенді зерттеу тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі. Бұл бағытта фольклор тіліне этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика тұрғысынан талдау жүргізген Ә.Т.Қайдар, Ж.А.Манкеева, Н.М.Уәли, Б.И.Нұрдәулетова, Э.Н.Оразалиева, Қ.Ә.Жаманбаева, К.С.Сарышова, А.М.Абасилов секілді ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие.

М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ф.Ш.Оразбаева, Б.Д.Жұмақасева, Ш.М.Майгельдиева және т.б. әдіскер-ғалымдардың тіл білімін оқыту әдістемесіне қатысты пікірлері, ұстанымдары мен құнды еңбектері негізге алынды.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың еңбектерін талдай келе аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектілері тұрғысынан оқыту мәселесі толықтай зерттелмегені анықталып отыр:

- қазақ аңыз-әңгімелерінің тарихи-танымдық және тәрбиелік маңызы және оларды тілдік бағытта зерттеудің жеткіліксіздігі;
- рухани құндылықтарға негізделген аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктердің оқу бағдарламасында аз беріліп, қажетті деңгейде қамтылмауы;
- аңыз-әңгімелер тілін оқыту педагогика-психологиялық, лингвомәдени және когнитивті аспектілері тұрғысынан зерделенбеуі;

- аңыз-әңгімелер тілін оқытудағы болашақ қазақ тілі пәндері мұғалімдерін даярлаудың тәжірибе мазмұны, формалары мен әдістемелік негіздерінің жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтары белгілі болды.

Аталған қарама-қайшылықтар аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді жоғары оқу орындарында оқытудың астарларын ғылыми-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерін қарастыру мәселесін туындатты және аталмыш диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындатты.

**Зерттеу мақсаты:** Қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін ұсыну.

**Зерттеудің міндеттері:**

- зерттеу барысында жұмысымызға негіз болатын ғылыми-әдіснамалық қағидаларды айқындау, осыған дейін шыққан еңбектер мен жүргізілген зерттеулерді мақсатына қарай жүйелеу, мағыналық талдау жасау және ғылыми тұрғыда негіздеу;

- жалпы филологиялық зерттеулердің мақсатын саралап, аңыз-әңгімелердің тілін зерттеудің мақсат-міндетімен салыстыру, ондағы лингвомәдени бірліктерді айқындау, ұлттық сипаты мен мәдени ақпараттардың мазмұнындағы танымдық, тәрбиелік, әлеуметтік қызметін жаңғырту;

- аңыз-әңгімелер мәтіндерінде кездесетін лингвомәдени бірліктерді оқытудың тиімді әдістерін ашып көрсету және когнитивтік оқыту моделін жасау;

- аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудағы инновациялық тәсілдердің маңызын таныту, ұсыну және эксперимент жұмысы арқылы тиімділігін дәлелдеу.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысына қойылған міндеттерді жүзеге асыруда *теориялық* (тіл білімі, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, педагогика және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, жинақтау, жүйелеу); *эмпирикалық* (сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, бағытталған ассоциативті эксперимент, аналитикалық жаттығулар, эссе); кешенді дәйектеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеудің *математикалық-статистикалық* әдістері қолданылды.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):**

- халықтың тарихын, тағдырын, болмыс-бітімін, түп негіздерін танытатын аңыздың мәні зор. Аңыз-әңгімелер – ақиқатты тек өзіне ғана тән тәсілдермен жаңғыртатын асыл мұралар. Аңыздар білім алушыға белгілі бір дәуірлер мен оқиғалар, рухани-мәдени құндылықтар, тарихи қайраткерлер жайлы мол мағлұмат беретін жанр ретінде өте құнды;

- аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді оқытудың жаңашыл әдістемелік жүйесі білім алушының тілдің ұлттық ерекшеліктерін саналы

меңгеруге, этностильде тіл табысу дағдыларын дамытуға, когнитивтік санасының артуына, танымдық белсенділігі мен зерттеушілік іс-әрекетінің қалыптасуына септігін тигізеді;

- аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктердің танымдық және тәлімдік құндылығын игертуде танымдық тіл білімінің оқыту ұстанымдары негізге алынды. Білім алушының қоршаған әлемді қабылдап, түсініп, өңдеп, тұжырымдап тіл арқылы сыртқа шығаруда *дүниені қабылдау ұстанымына*, мағыналық құрылымы мен мәдениет фактісі етіп отырған *концептуализациялау ұстанымына*, сыни ойлау қабілеттері мен ізденімпаздығын арттыруда *креативті ойлау ұстанымына* және санадағы ақпараттарды жіктеп-талдауға ықпал ететін *категориялау ұстанымына* негіздеп оқытуды көздейді;

- болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне қажетті теориялық білім мен тиісті тәжірибелік машықтарды қалыптастыра отырып, аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика салаларын біртұтас қарастырып оқыту сапалы ізденіс белгісі болып табылады.

#### **Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:**

- зерттеу барысында жұмысымызға негіз болатын ғылыми-әдіснамалық қағидалары айқындалды; осыған дейін шыққан еңбектер мен жүргізілген зерттеулер мақсатына қарай жүйеленді, мағыналық талдау жасалынды және ғылыми тұрғыда негізделді;

- жалпы филологиялық зерттеулердің мақсаты сараланып, аңыз-әңгімелердің тілін зерттеудің мақсат-міндетімен салыстырылды; ондағы лингвомәдени бірліктер айқындалып, ұлттық сипаты мен мәдени ақпараттардың мазмұнындағы танымдық, тәрбиелік, әлеуметтік қызметі жаңғыртылды;

- аңыз-әңгімелер мәтіндерінде кездесетін лингвомәдени бірліктерді оқытудың тиімді әдістері ашылып көрсетілді және когнитивті оқыту моделі жасалынды;

- аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспекті тұрғысынан оқытудағы инновациялық тәсілдердің тиімділігі эксперимент жұмысы арқылы дәлелденді.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Фольклортану мәселелері», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика» сияқты арнаулы элективті курстарды оқытудың сапасын арттыруға, сабақтарды нәтижелі ұйымдастыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ зерттеу материалдары мен бірқатар тұжырымдарын семинарлар жүргізуде, лингвомәдениеттанымдық сөздіктер құрастыруда және жас ізденушілердің докторлық, магистрлік, дипломдық жұмыстарды жазу барысында пайдалануға болады.

**Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі:**

Диссертациялық жұмыс теориялық және әдіснамалық тұрғыда

дәлелдігімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігімен, зерттеу әдістерінің кешенін пайдаланумен, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысының жоспарлы кезеңділігімен, эксперименттік деректердің шынайылығымен, әдістемелік жұмыс нәтижелерінің тиімділігімен және олардың оқу үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етіледі. Бұл зерттеу қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспекті тұрғысынан зерттеудің маңыздылығы бойынша үлкен ғылыми мәнге ие. Осы бағытта аңыз-әңгімелер алғаш рет қарастырылып отыр.

Зерттеу жұмысында қазақ аңыз-әңгімелердің жанрлық ерекшелігі, түрлері, зерттелуі, танымдық және тәрбиелік мәні ғылыми тұрғыда негізделген; аңыз-әңгімелер тілінің ерекшеліктері, оқытылу жайы мен маңыздылығы айқындалды; аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктер лингвомәдени және когнитивті аспекті тұрғысынан қарастырылып, оларды оқытудың тиімді әдістері жүйеленді; жоғары оқу орындарында аңыз-әңгімелер тілін оқытудың когнитивті моделі жасалынып, оны оқу үдерісіне ендірудің тиімді жолдарын айқындауға бағытталған тәжірибелік-эксперимент жұмысының барысы сипатталады.

**Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:**

Зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарында басшылыққа алынатын мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттардың бағыттарына сәйкес келеді, атап айтсақ, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы (2007),

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (2018), «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (2022), «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (2023) және т.б.

Мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мұғалімдерді даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді, себебі қазіргі кезеңде мұғалімдерге кәсіби білім мен тәрбие беру ісі түйінді мәселеге айналып, ерекше мәнге ие болып отыр. Болашақ мұғалімдерді даярлау барысында олардың жоғары кәсіби құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі, мәдениетінің жоғары болуы – білім беру саласының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарының бірі саналады.

**Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:**

Диссертацияның мазмұны 11 ғылыми еңбекте көрсетілген.

Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда 1 мақала жарияланды:

1. Linguacultural and cognitive aspects of teaching the language of Kazakh legends. (Қазақ аңыздар тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері). Citizenship, social and economics education. – Ұлыбритания, – 2023.

– Б. 137-151. DOI 10.1177/14788047231221109. (Қосалқы авторлар: Ш.М.Майгельдиева, Ғ.Ә.Тұяқбаев – 20%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 3 мақала жарияланды:

1. Аңыз-әңгімелердегі мақал-мәтелдердің қолданысы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – №12/1. – 2020. – Б. 688-692. – ISSN 2073-333X. (Қосалқы автор: Ш.М.Майгельдиева – 20%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%.

2. Қазақ аңыз-әңгімелеріндегі «қонақ», «қонақ асы», «жол» концептісі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – №12/2 (148). – 2020. – Б. 356-360. – ISSN 2073-333X. (Қосалқы автор: Ш.М.Майгельдиева – 20%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%.

3. Омбы жер-су атауларының тарихи-аңыздық сипаты. Керуен ғылыми журналы. – №4 (80). – 2023. – Б. 211-224. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-17> (Қосалқы авторлар: Ғ.Ә.Тұяқбаев, С.О.Құлбарақ – 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 70%.

Шетелдік және отандық халықаралық конференция материалдарының басылымдарында 6 мақала жарық көрді:

1. Алдаркөсе мен Қожанасыр – күлдіргі аңыз кейіпкерлері. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. – №1 (54). – 2020. – Б. 132-138. – ISSN 1607-2782 (Қосалқы автор: Ұ.Н.Жанбершиева – 30%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 70%.

2. Linguacultural and cognitive structure of the concept of «mood» in Kazakh legends. (Қазақ аңыздарында «көңіл» концептісінің лингвомәдени және когнитивтік құрылымы). Theoretical and practical perspectives of modern science. – Стокгольм, Швеция. – 2024. – Б. 70-73. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10680525>. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

3. The methodology of conducting a linguacultural analysis of the peculiarities of expressing the emotions of heroes in Kazakh and English legends in literature lessons. (Әдебиет сабақтарында қазақ және ағылшын аңыздарындағы кейіпкерлердің эмоцияларын білдіру ерекшеліктеріне лингвомәдени талдау жүргізу әдістемесі). The Norwegian journal of development of the international science. – Осло, Норвегия. – №126. – 2024. – Б. 59-65. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10655368>. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

4. Linguistic features of Kazakh legends and the importance of their teaching. (Қазақ аңыздарының лингвистикалық ерекшеліктері және оларды оқытудың маңызы). Challenges and problems of modern science. – Лондон, Ұлыбритания. – 2024. – Б. 52-54. <https://doi.org/10.5281/zenodo.11485534>. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

5. The role of Kazakh legends in the linguistic picture of the world. (Қазақ аңыздарының әлемнің тілдік бейнесіндегі рөлі). Sciences of Europe. – Прага, Чехия. – №142. – 2024. – Б. 28-30. DOI: 10.5281/zenodo.11535619. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

6. Development of cognitive competencies of students in teaching ethnocultural linguistic units in Kazakh legends based on the cognitive levels of Bloom's taxonomy. (Блум таксономиясының танымдық деңгейлері негізінде қазақ аңыздарындағы этномәдени тілдік бірліктерді оқытуда студенттердің когнитивтік құзыреттіліктерін дамыту). The scientific heritage. – Будапешт, Венгрия. – №148. – 2024. – Б. 39-42. DOI: 10.5281/zenodo.14063631. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

1 әдістемелік құрал (авторлық бағдарлама) жарияланды:

1. Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері. – Алматы: «TUTORUP». – 2024. – 123 б. – № 51781. – ISBN 978-601-12-0703-4. Докторанттың әдістемелік құрал жазуға қосқан үлесі – 100%.

**Диссертацияның құрылымы:** диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе** бөлімінде зерттеу жұмысының өзектілігі негізделіп, жұмыстың мақсаты мен алға қойылған міндеттері айқындалады. Зерттеудің пәні мен нысаны, ғылыми жаңалығы, теориялық-әдіснамалық негіздері сипатталады. Зерттеу тақырыбының ғылыми болжамы тұжырымдалып, оның теориялық және практикалық маңыздылығы егжей-тегжейлі қарастырылады. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысының негізгі кезеңдері мен қолданылған әдістері сипатталып, зерттеу нәтижелері негізінде қорғауға ұсынылатын басты ғылыми қағидалар мен зерттеу нәтижелері бойынша жасалған жарияланымдар ұсынылады.

**«Қазақ аңыз-әңгімелерінің ғылыми-теориялық негіздері»** атты бірінші тарауда қазақ аңыз-әңгімелерінің зерттелу тарихы, олардың жанрлық ерекшеліктері мен түрлеріне қатысты ғылыми талдау жасалады. Аңыз-әңгіме мәтіндерінің танымдық және тәрбиелік маңызы жан-жақты қарастырылып, қазақ халқының рухани және мәдени мұрасын қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Аңыз-әңгімелерде қолданылған ұлттық-мәдени тілдік бірліктердің оқыту ерекшеліктері және олардың тілдік-мәдени құндылықтарды сақтаудағы маңыздылығы теориялық тұрғыда сипатталады.

**«Аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері»** атты екінші тарауда қазақ аңыз-әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктердің ұлттық құндылықтары және танымдық аспектілері терең ғылыми талдауға алынып, олардың білім беру үдерісінде қолданылу әдістемелері мен теориялық негіздері кеңінен зерттеледі. Лингвомәдени бірліктердің ұлттық мәдени кодын игерудегі білім алушылардың лингвомәдени және когнитивтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы ғылыми тұрғыда кеңінен талданады.

**«Аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде**



**оқытудың инновациялық әдістері»** атты үшінші тарауда қазақ аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқыту аясында жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысының ұйымдастырылу барысы мен алынған нәтижелері кеңінен талданады. Эксперимент жұмысының тиімділігіне қатысты сапалық және сандық көрсеткіштер негізінде талдау жасалып, алынған нәтижелерінің қорытындылары жан-жақты сипатталады.

**Қорытындыда** диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен зерттеу нәтижелері жан-жақты тұжырымдалып, олар негізінде ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Библиографиялық бөлімінде** пайдаланылған әдебиеттер тізімі жинақталды.

**Қосымшада** ғылыми-зерттеу жұмысын оқу үдерісіне енгізу актісі және үлгілік сабақ жоспарлары ұсынылады.